

**«Оқушылар сарайы» МКҚК Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 25.09.25 жыл.

Өткізілген уақыты: 18:00

Өткізілген орны: Оқушылар сарайы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес мүшелері-7, қатыспағаны-2

1. Урынғалиева Г.М.
2. Идрисов Е.С.
3. Таласпаева А.Е.
4. Аманғалиева Б.Т.
5. Жусупова С.А.
6. Қазбекова Г.Ж.
7. Залмуканова М.А.

«Оқушылар сарайы» МКҚК директоры Ш.С.Сисенова

«Оқушылар сарайы» МКҚК бас есепшісі С.Х.Габдуллина

Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары С.С.Дәулетова

Күн тәртібінде:

1. Кеңес төрағасын қайта сайлау
2. Жаңа 2025-2026 оқу жылының жаңалықтары мен өзгерістері
3. 2024-2025 оқу жылындағы «Оқушылар сарайының» материалдық базасы мен қаражаттың пайдаланылуы туралы есебі
4. Ата-аналармен ынтымақтастықта жүргізілетін тәрбие жұмыстары

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Урынғалиева Г.М. сөз сөйлеп, осы уақытқа дейін кеңес төрағасы қызметін атқарып келген Серғалиев С.К. қайтыс болуына байланысты, кеңес мүшелерінің көпшілігінің ұсынысы бойынша «Актобетранстелеком» жетекші маманы Е.С.Идрисовтың үміткерлігін ұсынды. Және де бұл шешім бір ауыздан қабылданып, Идрисов Е.С. қағаз жүзінде өз келісімін берді.

Екінші мәселе бойынша «Оқушылар сарайының» директоры Ш.С.Сисенова өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға шолу жасап, жаңа 2025-2026 оқу жылының жоспарына, мақсат-міндеттеріне және алда болатын өзгерістер туралы айтып, қамқоршылық кеңестің мүшелеріне баяндады. Жаңа оқу жылында ашылған тегін және ақылы үйірмелер мен бала санының артуына және оқу кабинеттерінің жұмысына тоқталды. Оқушылар

сарайының халықаралық, республикалық дәрежедегі жетістіктердің рейтингісін көрсетті.

Үшінші мәселе бойынша «Оқушылар сарайының» бас есепшісі С.Х.Габдуллина «Оқушылар сарайының» материалдық базасы мен 2024-2025 оқу жылындағы қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп берді.

Төртінші мәселе бойынша ата-аналармен ынтымақтастықта жүргізілетін тәрбие жұмыстары туралы директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары С.С.Дәулетова сөз алды. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құрылымымен таныстырды. Жаңа оқу жылының тәрбие жұмыстарына тоқталып, ата-аналармен ынтымақтастықта жүргізілетін шараларды таныстырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдады.

Шешім:

1. Кеңес төрағасы лауазымына Идрисов Е.С. тағайындалсын.
2. Тегін және ақылы үйірмелердің жүргізілуі үнемі назарда ұсталсын.
3. Оқу жылына бөлінген қаражат қажеттілікке жұмсалсын.
4. Ата-аналармен бірге тәрбиелік шараларға қатысу жүзеге асырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:

Идрисов Е.С.

С.С.Дәулетова